Әділет

# Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 149 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 12 сәуірде № 3786 болып тіркелді. Утратило силу постановлением акимата Алматинской области от 16 мая 2017 года № 201

Сноска. Утратило силу постановлением акимата Алматинской области от 16.05.2017 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 4-тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына,литріне) арналған субсидиялардың нормалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (С. Бекішов) субсидиялауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттен жүзеге асырсын.

3. Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы "Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 04 маусымында № 3194 тіркелген және 2015 жылғы 9 маусымдағы "Жетісу" газетінің № 65 және 2015 жылғы 11 маусымдағы "Огни Алатау" газетінің № 66 жарияланған) № 227 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет – ресурста және облыс әкімдігінің интернет – ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі* *А. Баталов*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылығы министрі* *А . Мамытбеков*

Облыс әкімдігінің 2016 жылғы "29" наурыз "Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы " № 149 қаулысына қосымша

## Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары

| № р/с | Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері | Өлшем бірлігі | Бір бірліктің құнын арзандату пайызы | Бір бірлікке арналған субсидияның нормалары, теңге |
|---|---|---|---|---|
| Отандық өндіріс тыңайтқыштары | | | | |
| 1 | Аммиакты селитра (N-34,4%) | тонна | 50 | 34 000 |
| 2 | Аммофос (N-10%: Р2О5-46 %) | тонна | 50 | 65 500 |
| 3 | Байытылған суперфосфат (Р2О5-21,5 %) | тонна | 50 | 17 000 |
| 4 | "Б" маркалы "МЭРС" микробиотыңайтқыштары" | литр | 50 | 5 000 |
| 5 | Жай суперфосфат (Р2О5 – 15 %, N- 2 - 4 %, К2О - 2 - 4 %) | тонна | 50 | 21 281 |
| 6 | Суперфосфат (Р2О5-19 %) | тонна | 50 | 32 500 |
| 7 | Yara Liva Calcinit (кальций нитраты) | тонна | 50 | 140 000 |
| 8 | Кешенді азотты – фосфорлы - калийлі минералды тыңайтқыш (NPK тыңайтқыш қоспалары) N - 16 %: Р2О5-16 % : К2О – 16 %) | тонна | 50 | 80 000 |
| 9 | Күкіртқышқылды калий (К2О5-50 %) | тонна | 50 | 140 000 |
| 10 | "Супрефос- NS" азот -күкіртқұрамды супрефос (N-12 %: Р2О5 - 24%)+ (Са : Mg : SO3) | тонна | 50 | 64 000 |
| 11 | Шилісай кен орнының фосфоритті концентраты мен ұны (Р2О5-17 %) | тонна | 50 | 12 385 |
| 12 | Хлорлы калий (К2О - 42 %, KCL – 65 %) | тонна | 50 | 105 000 |
| 13 | Kristalon Cucumber 14-11-31 | тонна | 50 | 416 500 |
| 14 | Kristalon Special 18-18-18 | тонна | 50 | 355 500 |
| 15 | Kristalon Red 12-12-36 | тонна | 50 | 384 500 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Kristalon Yellow 13-40-13 | тонна | 50 | 398 000 |
| Шетелдік өндіріс тыңайтқыштары | | | | |
| 17 | Аммоний сульфаты | тонна | 30 | 28 500 |
| 18 | Аммиакты селитра | тонна | 30 | 20 400 |
| 19 | Калий сульфаты (Krista SOP) (K2O - 50 %, K - 43 %, SO3 – 45 %, S – 18 %) | тонна | 30 | 134 400 |
| 20 | Карбамид (N - 46,3 %) | тонна | 30 | 36 000 |
| 21 | Магний сульфаты (Krista MgS) (MgO - 16 %, Mg -9,6 %, SO3-32 %, S - 13%) | тонна | 30 | 90 300 |
| 22 | Нитроаммофоска NPK (N 16 : P 16 : K 16) | тонна | 30 | 54 000 |
| 23 | Нитроаммофоска NPK (N 15 : P 15 : K 15) | тонна | 30 | 54 000 |
| 24 | Нитроаммофоска NPK (N 14 : P 14 : K 23) | тонна | 30 | 49 500 |
| 25 | Нитрофоска NPK | тонна | 30 | 37 500 |
| 26 | Нутривант Плюс Зерновой | кило грамм | 30 | 900 |
| 27 | Нутривант Плюс Картофельный | кило грамм | 30 | 900 |
| 28 | Нутривант Плюс Масличный | кило грамм | 30 | 900 |
| 29 | Нутривант Плюс Рис | кило грамм | 30 | 900 |
| 30 | Нутривант Плюс Универсальный | кило грамм | 30 | 900 |
| 31 | Моноаммоний фосфаты арнайы суда еритін А маркалы (N-12 %, P2O5-61%) | литр | 30 | 114 000 |
| 32 | Сұйық азотты тыңайтқыштар (карбамидті аммиакты қоспа N-27-33%) | тонна | 30 | 25 500 |
| 33 | Krista MAG (магний нитраты) (N-11%, N-NO3-11%, MgO-15 %, Mg-9 %) | тонна | 30 | 111 600 |
| 34 | Krista K Plus (калий нитраты) (NO3-N-13,7 %, K2O-46,3 %, K-38,4 %) | тонна | 30 | 162 300 |
| 35 | Krista MKP (монокалий фосфаты) (P2O5-52 %, P-22,7%, K2O-34%, K-28,2 %) | тонна | 30 | 258 600 |
| 36 | Yara Vita Rexolin D12, темір хелаты DTPA | кило грамм | 30 | 1308 |
| 37 | Yara Vita Rexolin Q40, темір хелаты EDDHA | кило грамм | 30 | 1127,7 |
| 38 | Yara Vita Rexolin Cu15, мыс хелаты EDTA | кило грамм | 30 | 1303,2 |
| 39 | Yara Vita Rexolin Mg 13, марганец хелаты EDTA | кило грамм | 30 | 965,4 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 40 | Yara Vita Rexolin Zn 15, мырыш хелаты EDTA | кило грамм | 30 | 965,4 |
| 41 | Yara Vita Tenso Coctail | кило грамм | 30 | 1296,9 |
| 42 | Yara Vita Rexolin APN | кило грамм | 30 | 1286,1 |
| 43 | Yara Vita Rexolin ABC | кило грамм | 30 | 1026,9 |
| 44 | Yara Liva Brassitrel (MgO 8,3, SO3 28,75, B 8,0 Mn 7, Mo 0,4) | кило грамм | 30 | 753 |
| 45 | Yara Liva Bortrac | литр | 30 | 462,6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК